

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
04.12.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 04.12.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қолданыстағы заңнамалық актілерді «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру үшін және педагог мәртебесін реттеуді қамтамасыз ететін құқықтық тетіктерді жетілдіру, оқушы мен мұғалімнің жүктемесін қысқарту, білім беру заңнамасындағы құқықтық олқылықтарды жою мақсатында әзірленді.

Заң жобасын қарау барысында депутаттық корпус бірқатар түзетулер енгізді. Солардың ішіндегі басты түзетулерге тоқталайын. Олар:

«Педагог мәртебесі туралы» Заң жобасына қатысы жоқ нормалар заң жобасынан алынып тасталды;

педагогке өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде былапыт сөйлеуден, мазақ қылудан, бейәдеп іс-әрекеттерді (белгілер), заттар көрсетуден көрінген сыйламаушылық үшін және бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы басқа да осындай әрекеттер жасағаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделді;

мектеп пен колледж педагогтері толтыруға міндетті құжаттардың тізбесін әзірлеу және бекіту жөніндегі білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті белгіленді;

жоғары оқу орындарының педагогтерінен басқа барлық педагогтерге әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру жөніндегі норма қарастырылды. Бұрын мұндай кейінге қалдыру тек ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтерге көзделген болатын.

Сонымен қатар редакциялық сипаттағы және заң техникасы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, бұл заң жобасының мазмұнын сапалы жағынан жақсартты.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша өз қорытындыларын берді.

260-қа жуық түзету келіп түсті, оларды жұмыс тобы қарап шығып, тиісті шешімдер қабылдады. Салыстырма кесте қабылданған 123 позицияны қамтиды.

Ағымдағы жылғы 19 қыркүйекте заң жобасының таныстырылымы өтті. Комитет жұмыс тобының жиырма бес отырысын, сондай-ақ комитеттің үш кеңейтілген отырысын өткізді.

Қорытындылай келе, жұмыс тобының мүшелері мен әріптестеріме енгізілген ұсыныстары мен заң жобасын талқылауға белсенді қатысканы үшін алғысымды білдіргім келеді.

Осыған байланысты аталған заң жобасын қолдап, екінші оқылымда мақұлдауды, сондай-ақ оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуге ұсынуды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 105, «жақтағандар» – 105. Қаулы қабылданды.



*Директор: Құжатталмамен ұақтамағандар ер
Белгінің сектор меңгерушісі
Майя И.М. Сітәйінова*